

«№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның жиналыс

ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы

22.05.2025 жыл

Откізілген орны: «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК ғимараты
(мекен-жайы: Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыш 39)

басталу уақыты: сағ: 15:00

аяқталу уақыты: сағ: 15:50

Төрағалық етті: Емхана директоры Г.Танбаева

Отырысқа қатысушылар саны: 51 емхана қызметкерлері

Күн тәртібі: Сыбайлар жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша жүргізіліп жатырған ішкі талдау бойынша хабарлау және сыбайлар жемқорлық фактілерін болдырмай бағытындағы құқықтық түсіндіру жұмыстары.

Жиналыстың мақсаты:

- Сыбайлар жемқорлыққа қарсы құқықтық негіздер.
- Медицина саласындағы жемқорлық тәуекелдері.
- Алдын алу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру.

Жиналыс барысы:

1. Жиналысты емхана директоры ашып, күн тәртібіндегі мәселеге тоқталды.

Емханада жүргізіліп жатырған ішкі талдау бойынша тоқталып өтті және жалпы жемқорлықпен күрес бағытындағы заңнама талаптары туралы сөз қозғалды.

2. Келесі сөз кезегінде емхана комплаенс офицері А.Кумаргалиева:

Құрметті емхана қызметкерлері! Бұғынгі танды Қазақстан Республикасының дамуына кедергі келтіретін ең өзекті мәселелердің бірі — сыбайлар жемқорлық. Ол тек қана экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік және моральдық салаларға да кері әсерін тигізеді. Медицина саласында орын алғатын сыбайлар жемқорлық қоғамның ең әлсіз топтарының — науқастар мен олардың туыстарының құқықтары мен сеніміне нұқсан келтіреді. Қазақстан Республикасы төмендегі негізгі заңнамалық актілер арқылы сыбайлар жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуде:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 ж.): Әр азаматтың тен құқылы екендігін және заң алдында жауапты екенін бекітеді.
- «Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы (18.11.2015 ж.): Сыбайлар жемқорлықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу, әшкерелеу және оның салдарын жоюға бағытталған құқықтық негіздерді айқындейды.
- ҚР Қылмыстық кодексі (2014 ж.): Сыбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін нақты жауапкершілік көзделген (ҚР ҚҚ 366-бап – пара алу, 367-бап – пара беру және т.б.).

- КР Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бұйрықтары.
- КР Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтары (мысалы, №КР ДСМ-34/2020 — медицина қызметкерлерінің этикасы мен тәртібі туралы ережелер).

Медицина мекемелеріндегі жемқорлық тәуекелдеріне мыналар жатады:

- Ақылы қызмет көрсету мен тегін медициналық көмек шектерін бұрмалау;
- Қызмет көрсетуде артықшылық жасау үшін сыйақы талап ету;
- Мемлекеттік сатып алуларда заңбұзушылықтар;
- Мүгедектік, уақытша еңбекке жарамсыздық парастырын заңсыз беру;
- Қызметкерлерді жұмысқа орналастыру мен кадрлық шешімдерде паракорлық.

Сыйбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін келесі шараларды ұсынуға болады:

- Ишкі бақылау жүйесін жетілдіру: Әрбір бөлімде жемқорлық тәуекелдерін бағалау және есеп беру жүйесін енгізу.
- Ашықтық пен есептілік: Пациенттерге көрсетілетін қызметтің тізімі мен бағаларын емхана қабыргаларына, сайтқа ашық түрде орналастыру.
- Этикалық кодексті сақтау: КР ДСМ бұйрығы негізінде әзірленген медицина қызметкерінің этикалық кодексін күнделікті қызметте ұстану.
- Тұрақты құқықтық түсіндіру жұмыстары: Медицина қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы ұнемі түсіндіру, тренингтер мен семинарлар өткізу.
- Сенім телефондары мен жәшіктері: Пациенттер мен қызметкерлерге өз құқықтарын қорғау мүмкіндігін беру.

Құрметті әріптестер!

Сыйбайлас жемқорлық — тек құқық бұзушылық емес, бұл қоғамға деген сенімсіздік. Әрбір медицина қызметкерінің адалдығы мен жауапкершілігі – халық денсаулығы мен ел болашағының кепілі. Осы орайда әрқайсымыз жемқорлықтың алдын алу ісіне үлес қосуымыз керек. Естерінізде болсын: заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды, ал заңды сақтау – әрбіріміздің азаматтық борышымыз. Назарларыңызға рахмет!

Қорытынды:

Жиналыс барысында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша бірқатар маңызды мәселелерге тоқталынды. Алдағы уақытта осы мәселелер бойынша және ішкі талдау бойынша қорытынды хабарланады, нақты шаралар қабылданады.

Төрайым:  Г.А.Танбаева

Хатшы:  А.Кумаргалиева